

Ақпарат

Мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру. Қазақстан Республикасы үкіметінің №64 қаулысына сәйкес оқу қорынан материалдық немесе қаржылай көмек беруді ұйымдастыру.

Тегін ыстық тамақпен қамту бойынша 1-4 сынып оқушылары 461 оқушы және аз қамтылған отбасынан шыққан 57 оқушының құжаты №64 қаулыға сәйкес қабылданды. Барлығы 518 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылып отыр.

01.07.2024ж бастап Қазақстан Республикасы үкіметінің №64 қаулысына сәйкес оқу қорынан материалдық немесе қаржылай көмекке құжат жинақталып бастады. 302 оқушыдан өтініш түсті. 225 оқушы, 79 отбасының құжаттары жинақталып, мектебіміздің бас есепшісі Х.Джумабаевқа ата – ананың жеке есеп шоттары тапсырылды. Оның ішінде атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар бала саны: 33, отбасы саны: 13. Жан басына шаққанда күн көріс деңгейінен төмен бала саны: 192, отбасы саны: 66.

Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан балалардың білім алуына жағдай жасау мақсатында оқулықтармен қамтамасыз ету жұмыстарын қадағалау.

Мектебіміздегі аз қамтылған, тұл жетім және ата – ана қамқорлығынсыз қалған, жартылай жетім, көп балалы отбасынан шыққан оқушыларды оқулықтармен қамтамасыз ету кітапхана қызметкерлері және сынып жетекшілермен жұмыс жүргізілді. Оқушыларға толықтай оқулықтар үлестірілді. Осы аталған отбасынан шыққан оқушыларға толықтай оқулықтармен қамтамасыз етілді. Жыл бойына оқулықтармен қамтамасыз етілуін қадағалап отырамын.

Әлеуметтік педагог:



А.А.Төлеп

Ақпарат

Әлеуметтік жағынан қорғалмаған отбасы балаларына қолдау көрсету мақсатында дәстүрге айналған «Мектепке жол» республикалық акциясы өткізілуде. Мектепке жол қайырымдылық акциясы мектебімізде жыл бойына өтеді.

Акцияның мақсаты: жаңа оқу жылына дайындық уақытында аз қамтамасыз етілген және көпбалалы отбасылардан шыққан оқушыларға қолдау көрсету; баланың әлеуметтік себептермен мектепке келмей қалуының алдын алу; жетім балаларға, ата – анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көп балалы, тұрмыс жағдайы төмен отбасыларына нақты көмек көрсету болып табылады.

«Самұрық қазына» Акционерлік қоғамы қайырымдылық қорынан 1 сынып оқушыларға 18 оқу құралы салынған сөмке берілді.

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі М.Мамбетова 2 тұл жетім оқушыға 7 «Ғ» сынып оқушысы Халихан Айқын, 8 «А» сынып оқушысы Бердибай Айсаулеге мектеп формасы және оқу құралдары салынған сөмке берілді.

Жеке кәсіпкер 2 тұл жетім оқушыға мектеп формасы және оқу құралдары салынған сөмке берді.

Жеке кәсіпкер О.Өтеубайқызы 12 оқушыға оқу құралдары салынған сөмке берді. Сыйлықтарды тарату барысында оқушыларға тілектер айтылып, жаңа оқу жылы сәтті басталсын деп кеңес айтылды.

Жеке кәсіпкер аз қамтылған отбасынан шыққан 4 оқушыға оқу құралдары салынған сөмке берілді.

АӘК алатын отбасылардан шыққан оқушыларды анықтау барысында 51 оқушы, 24 отбасы анықталды.

«№1 жалпы білім беретін мектеп» КММ әкімшілігі демеушілерге көрсеткен көмектері үшін шекіз алғыс білдірді.

Әлеуметтік педагог:



А.А.Төлеп